



**FOLIANT**

Астана-2014




*Құлахмет Қожықов* –  
қазақ театры мен киносының тұңғыш суретшісі

*Кулахмет Ходжиков* –  
первый художник казахского театра и кино

*Kulakhmet Khodzhikov* –  
The first artist of the Kazakh Theatre and Cinema







Қ

азақ бейнелеу өнерінің аса көрнекті негізін қалаушыларының бірі – республиканың еңбек сіңірген өнер қайраткері Құлахмет Қоңырқожаұлы Қожықов. Оның шығармашылық мұрасының ауқымы аса кең әрі сан

қырлы. Сахна кескіндеуші және кино суретшісі, кескіндемеші және кітап графигі, дәстүрлі қазақ халық өнерінің зерттеушісі және оны шашау шығармай сақтау ісінің қызу жанашыры – қазіргі замандас алдына суретші тұлғасы осындай қырларымен толық көрінеді. Осы қырларының қай-қайсысында да сирек кездесетін өзіндік нышан, үлкен талант пен ізденгіш ой иесінің жарқын белгісі көзге ұрады. Ал осы тұлғалық қасиет сыртынан Тарих – ежелгі қазақ даласы үшін өнердің мүлдем жаңа түрлері мен жанрлары дүниеге келіп, қаз тұра бастаған және бұл реттегі қарқынды қозғалыс пен мәнерліліктің есті алып, көңілді өсіретін панорамасын жинақтаған Тарих айқын көрініс береді. Бұл тұрғыда Қ. Қожықовтың өмірбаяны тағдыр ізашар рөлін бұйыртқан қазақ шығармашыл интеллигенциясының



*Қоңырқожа Қожықов (1880-1938). Қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым. «Қоқан автономиялық үкіметінің» белсенді мүшесі, қазақ мектептеріне реформа жасады, көрнекті алашордашы, ТүркОАК мүшесі. Ақмешіт қаласына Қызылорда атауын беруге атсалысқан, қазақ тіліндегі алғашқы әліппенің авторы. 1938 жылы 15 ақпанда ІІХК жарлығымен халық жауы ретінде тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1957 жылы 23 желтоқсанда ақталды.*

таңдаулы аға ұрпағының көпшілігіне тән типтік сипатта.

Қ. Қожықов 1914 жылы Түркістан қаласында мектеп мұғалімі отбасында туды. Оның әкесі Қоңырқожа Қожықов өзінің қарапайым әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, тек революцияға дейінгі Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге күллі Түркістан өлкесінде едәуір белгілі тұлға болатын. Ол шыққан тегін Пайғамбардың жақын үзеңгілестерінің біріне апаратын «қорасан-қожа» атты ақсүйектік діни әулетке жататын-ды. Жас кезінен атақты



*Ләтіпа Қожықова (1893–1960), қыз кезінде Лапина-Мұңайтпасова, болыс, сумұрын жаппас руынан шыққан атақты би – Мұңайтпас Лапиннің қызы, Қызылорда облысы Перовск уезінің Қармақшы ауылында дүниеге келген. Қазақтан шыққан тұңғыш әйел-суретші, костюмдер бойынша театр суретшісі, сән және қолданбалы өнер шебері. КСРО Суретшілер одағының мүшесі (1958).*

мұсылман ағартушы-реформатор Исмайл Гаспралы идеяларымен танысып, солардың ықпалымен ол өзін қоршаған феодалдық-клерикалдық ортадан батыл қол үзе алды. 1905 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясын бітіргеннен кейін өз ғұмырын халық ағарту саласына арнады. Тарих жылнамасына ол өлкедегі жаңа тәсілмен оқытатын зайырлы мектептерді, соның ішінде мұсылман қыздарға арналған мектептерді белсенді түрде ұйымдастырушылардың бірі ретінде кірді. Оның өмірі мен қызметінің әсіресе Кеңес

өкіметінің алғашқы жылдарын қамтитын қоғамдық-саяси және ғылыми қырлары бүгінде азырақ мәлім. Бұл шақ оның ағартушы-педагог, ғалым-өлкетанушы және ортаазиялық халықтар тарихының, мәдениеті мен тілінің керемет білгірі ретіндегі беделінің жоғарылығына тікелей байланысты болды. Мәселен, ол әйгілі Қоқан автономиясының басты идеялық рухтандырушылары мен ұйымдастырушыларының бірі еді (бұл жайт екі онжылдық өткен соң оның тұтқындалуы мен ІІХК қапастарында қайғылы қаза табуына себеп болды); Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік межелеу жөніндегі комиссияның жұмысына білікті де белсенді түрде атсалысты; қазақ халқының өз тарихи аталымын қайтаруды және Қазақ АКСР астанасын Қызылорда қаласы деп атауды көтерушілердің бірі-тін; республиканың тарихи ескерткіштерін қорғаудың мемлекеттік жүйесін жасаудың және Ұлт мәдениеті институтын құрудың бастауында тұрды. Және, тағы бір айта кететін жайт, болашақ суретшінің әкесінің үзеңгілестері мен жақын достары қатарына Серәлі Лапин, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров секілді қазақ тарихы мен мәдениетінің аса көрнекті қайраткерлері кіргендігі мүлдем кездейсоқ болмаса ке-



*Суретшінің әкесі Қоңырқожа Қожықов, Жер саясатын жүргізу кезінде Халық жер бөлу комиссарының орынбасары. 1920 жылдар*

рек. Бұл қайраткерлер оны тамаша адами қасиеттері, ғаламат кең шалымды эрудициясы және қажымас жанқиярлық қызметі үшін терең бағалайтын.

Егер Құлахмет әкесінен тарихқа және қазақтың көне аңыздарына деген бүкіл шығармашылық ғұмыры бойы сарқылмаған құштар құмарлықты мұра еткен болса, анасы Ләтипа Мұңайтпасова-Қожықоваға ол өзінің әсемдік әлемімен табысуға бастаған алғашқы қадамдары үшін толығымен борышты. Отандық көркем мәдениет тарихы



*Серәлі Лапин,  
Мұстафа Шоқай*



беттеріне есімі алтын әріптермен баяғыда-ақ жазылып қойған осынау тамаша халық өнерпазы тұлғасын замандасымызға таныстырып жатудың, шамасы, аса бір қажеттігі жоқ болса керек (Мәселен, жақында ЮНЕСКО қамқорлығымен жарияланған

Орта Азия халықтарының көркем қол-өнері тарихы хақындағы іргелі зерттеуде Л. Қожықова XX ғасырдағы қазақ әшекейлі-қолданбалы өнерінің аса жарқын және талантты өкілдерінің бірі ретінде атап өтіліп, оның шығармашылығын талдауға едәуір






*«Біржан мен Сара» спектаклі. Шығыс кештері. Қырғыз Ағарту институты. Ташкент, 1921-1922. «Біржан мен Сара» көркемөнер спектаклінің қатысушылары: оқытушылар, жұбайлары, тыңдармандар. Оң жақта шетте: Ләтипа Қожықова (Лапина-Мұңайтпасова), ары қарай: Рабиға Аспандиярова (Лапина), Үрия Тұрдықұлова, Гүлбаһрам Тынышпаева (Шалымбекова), Күлендам Қожанова (Мұңайтпасова), Емберген Табынбаев, Ұлдар Нарбекова, Қадиша Лапина (Арғынбаева). Солдан оңға қарай жатқандар: Абдрахман Мұңайтпасов, Бопан (13-14 жастардағы қыз бала), Құрманбек Жандарбеков. Солдан оңға қарай тұрғандар: Даммула..., Жорабек Нарбеков, Жақып Қожамұратов, Сұлтан Найманбаев, Жағыпар Лапин, ..., Рабиға Еркебаева, Қадиша Майлыбаева, Жанғабыл Кәтібаров, Шалымбекова, Кәмила Еркімбетова, Дінмұхамет (Дінша) Әділов*

орын бөлінген [1]). Тек қана ол жөнінде белгілі қазақстандық суретші Мария Лизогуб өз кезінде жазған таңғаларлықтай керемет және мағынасы өте дәл жолдарды еске сала кетуге болар еді. Бұл жолдар Ләтипа өмірінің эпиграфы қызметін атқара

алары сөзсіз: «Арманшыл, шығармашыл, ұшып келе жатып та туған жерінің әсемдігін қорғап, сақтай алатын қанатты адам ретінде Ләтипа жаңа өмірге жеңіл және табиғи түрде кірді де, жаңа Қазақстанның құрдасына айналды... Ол қуатты ағаш





*Шебер Ләтипаның портреті.  
Суретші Мария Лизогуб.  
1956*

*Суретші Мария Лизогуб*



*Ләтипа жасаған  
киіз үй*

тәрізді, мығым тамырларын өнердің сан түріне: театрға, киноға, музыкаға, архитектураға жіберді. Сөйтіп, егер оның өмірін аңыз деп атауға болатын болса, онда бұл жарқындылық пен шаттылықты өмірінің соңына дейін арқау еткен қазақ қызы туралы аңыз» [2].

Ал бәрі де сонау 1925 жылдан басталған еді. Қожықовтар отбасы ол кезде жас Қазақ Республикасының рухани және мәдени өмірінің сол шақтағы орталығы Қызылорда қаласында тұрған. Бұл социалистік ұлт мәдениетінің негіздері қауырт және қарқынды түрде қалана бастаған заман еді. Мальков көшесіндегі астаналық Электротеатр ғимаратында М.О. Әуезовтің «Қарагөз» пьесасының репетициясы жүріп жатқан. Бәрі жақсы тәрізді болатын, бірақ қоюшылардың көңілінде бір уайым бар-ды – өйткені премьераны күні тақалып қалғанымен, Орынбордан спектакльді безендіруге шақырылған суретші әлі келе қоймаған еді. Сол кезде труппадағы әлдекімнің ойына Ләтипа Қожықова түседі. Өзінің қолөнершілік талантымен танымал халық өнерпазынан көмек сұралады. Сонда ол жәрдемдесуге келісіп, театрға үлкен «шығармашылық» топпен – жеткіншек ұлдары Қожахмет пен Құлахметті және алыс ағайыны, ағаш шебері Әбдірәсіл ұстаны ертіп келеді. Топ тапсырманы мүлтіксіз орындап шығады. Ләтипа апа өзінің ескі «Кнох» қол мәшинесімен артистерге қажет барлық киім-кешекті уақытында тігіп береді. Тіпті аппликация мен кесте салынып, бай безендірілген тамаша театр шымылдығын да жасап үлгереді. Әбдірәсіл ұста сахнаға қазақ киіз үйінің макетін жасайды, ал барлық кескіндеу жұмыстары – әсем жазылған құттықтау



ұранынан бастап, сахна төріне тұтылатын Сарыарқаның селеулі жазықтарының көріністеріне дейін – ағайынды жеткіншек суретшілердің қолынан шығады. Бәрі де кәдімгі өмірдегідей болыпты. Елдің айтуына қарағанда, сол спектакльдің декорациялары мен костюмдері театрдың одан кейінгі қойылымдарында да, тіпті Алматыға қоныс аударғанға дейін табыспен қолданылыпты. Әрине, бүгінде бұл оқиға таңғалдырып, күлкі тудыруы ықтимал, бірақ сол дәуірдегі шындық сондай еді, мұндай жайт қоғамның рухани өмірінің талай саласында орын алып жататын.

Замандасымызға мына жайтті де еске сала кету артықтық етпес – революцияға дейін, Орталық Азияның барлық жеріндегідей, Қазақстанда да кескіндеме өнері мүлдем болмаған-ды. Сондықтан, «Еуропаның жартысына жетерлік алып аумақ, өнер тарихшыларының бірі атап өткендей, бұл тұрғыда Сахара шөлі секілді жаппай ақтаңдақ болатын. Төменгі Еділден, Транссібір темір жолынан бастап, сонау ауған шекарасына дейін бірде-бір сурет галереясы болған емес, бірде-бір көркемсурет көрмесі өткізілген емес (егер сурет мұғалімдерінің екі-үш көрмесін есеп-



*Ләтипаның  
ою-өрнектері*



*Қожахмет*



*Нұрахмет пен Құлахмет*



*Сұлтанахмет*

ке алмасақ), еуропалық Ресейдегі өнер тұрақтаған жерлерден кездейсоқ келіп қалған бірнеше дебютантты және сурет мұғалімі еңбегін этнографиялық сипаттағы жеңілдеу суреттер салумен ұштастырған бірнеше дилетантты санамағанда, бірде-бір кәсіби маман суретші тұрған емес. Бұл жерлердегі қазіргі заман кескіндемесінің «активі» осылармен аяқталады» [3].

Осы қызылордалық кезеңнен бастап театр Қожықовтар отбасы ғұмырына өктем енеді де, оның мүшелерінің көпшілігінің тағдырын, өмір жолын айқындаған басты доминантаға айналады. Ләтипа апа өмірінің соңына дейін Абай атындағы Қазақ академиялық опера және балет театрының костюмер-суретшісі болып істеді. Театр қабырғасында талантты шәкірттерінің тұтас бір мектебін өсіріп шығарды. Кеңестік Қазақстанның аса ірі театр суретшісі Анатолий Ненашев оны асқан құрметпен өзінің рухани ұстазы және қазақ ою-өрнек шығармашылығының сырлы әлеміндегі ешкіммен ауыстыруға болмайтын жолбасшысы деп атады. Оның қолымен тігілген ұлттық костюмдерді Жамбыл, Дина Нұрпейісова, Күләш Байсейітова және

басқа да қазақ мәдениетінің даңққа бөленген корифейлері киді. Оның үлкен ұлы Қожахмет театрдың кәсіби суретшісі болды, дегенмен ол айрықша пейзаж бен плакат саласындағы шебер ретінде танылды. Ал 1932 жылы Қожахметтің он сегіз жасар інісі Құлахмет Қазақ драма театрының штабына суретші-безендіруші лауазымымен қабылданды. Ал оның інілері: Нұрахмет опера театрының спектакльдеріне алғашында биші артист ретінде қатысып, кейіннен мүсінші және монументалист суретші болады; Қожықовтардың ең кенжесі Сұлтанахмет те өзінің жас кезінде ағалары сияқты суретпен айналысып, Құлахметтің ақылы бойынша ВГИК-ке оқуға жіберіледі және ұлтымыздың көрнекті режиссеріне айналады.

Сол кездің өзінде қазақ театр өнерінің классикасына айналған «Еңлік – Кебек» спектаклін безендіру жас суретшінің шығармашылық күш-қуаты мен мүмкіндіктерін сынаған алғашқы белес болды. Спектакль 1933 жылғы мамырда Қазақ драма теат-



*М. Әуезовтің  
«Еңлік – Кебек»  
спектаклінің  
1-акт көрінісі*

ры сахнасында қайта қойылған еді. Сол қойылымға жазылған баспасөз пікіріне қарағанда, Қ. Қожықов Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ерекше мақтауына ие болып, өзінің «дебюттік» емтиханын абыроймен тапсырып шыққан екен. «Спектакльді қайта қою кезінде, – деп атап көрсетті сол уақыттың танымал театр сыншыларының бірі, – Қазақстанның табиғаты мен тірлік-тынысын өте жетік білетін, халықтық өнердің ерекшеліктерін терең сезінетін суретші Құлахмет Қожықов қойылым үшін жаңа декорация жасады. Живописьтік сипаттағы жаңа декорацияда пьесаның ұлттық қасиеті едәуір сәтті берілген. Әсіресе Еңліктің киіз үйінің ішкі көрінісі мұқият ой-

ластыра жасалып, қанық бояулармен бейнеленген: түрлі түсті кілемдер, ұлттық оюлар айшықтаған шымылдықтар, жібек жастықтардың жиынтығы – осылардың бәрі материяның және кестелердің шынайылығымен көз қуантты». Бұдан әрі спектакльді көргеннен соңғы жалпы әсерін, режиссердің жұмысын, актерлер ойынының музыкамен көркемделуін түйіндей келіп, ол төмендегідей тамаша жолдармен суретшінің рөлін тағы да атап өтеді: «Бұл спектакль ... динамикалы мизансценалары, техникалық тиянақтылығы, жақсы безендірілуі арқылы театрдың көркемдік тұрғысынан өсу жолына сенімді аяқ басқанын дәлелдеді» [4]. Суретшінің осы

спектакльдегі сахналық жұмыстарының бірінің фотокөшірмесі де бұл ойды бекіте түсетіндей.


Суретшінің осы спектакльге жасаған сахналық жұмыстарының бірінің фоторепродукциясы (1-актідегі «Бақсы әйел алдындағы көрініс» декорациясы) КСРО Суретшілер одағының баспасөз органы – «Советское искусство» («Кеңес өнері») журналы беттерінде жас қазақ сценографиясының сахна безендірудегі алғашқы сәтті тәжірибесін көрсету ретімен жария болғаны да өте атап өтуге тұрарлық дерек [4], бұл сол дәуір өлшемімен қарағанда – суретші дарынын ресми мойындаумен тең болып табылатын. Қожықовтың ең алғашқы сахналық жұмыстарының бірінің осынау уақыт тезінен солғын тартқан ақ-қара

фотокуәлігін бүгінде толқымай көру мүмкін емес. Біздің алдымызда – бірнеше тік кесінділерден құралған ықшам монументті конструкция. Киіз үйдің алып өрмекші денесін елестететін, бір стильге келтірілген нобайы, есігін үрейлі өрмек-тор жауып тұрған үңгірдің ірі бөліктері, ауада қалықтаған таутекелер сұлбалары, шаман дабылына ұқсайтын дөңгелектер... Жұмыстан әлдебір натурализм лебі айқын сезіледі, бірақ бұл пьеса көріністерінің музыкалық-мағыналық негізімен жымдасқан, эпикалық мифопоэтика рухына және архаика ырғақтарының салтанатына тұнған жан толқытарлық натурализм еді.

Сахна кеңістігі дәл бір «физиологиялық» тылсым күшпен әсер ететіндей сезіледі. Ол өзімен-өзі тұрып-ақ, көрерменнің

*Қазақстанның тұңғыш суретшілері. Ә. Қастеевті Суретшілер одағына мүшелікке қабылдау. Солдан оңға қарай – Қ. Қожықов, Ә. Қастеев, М. Қалиев, Б. Қосынов (Өнер жөніндегі комитет төрағасы), Р. Тәшбаев, Ә. Ысмайылов, С. Ақылбеков (қырғыз суретшісі). 1940*





*М. Әуезовтің  
«Еңлік – Кебек»  
спектаклінің эскизі.  
1948*

ассоциялық аппаратының жұмыс істеуін ұйымдастырады, түрткі болады, өзіндік «эмоциялық» аяға еліктіре тартып, оның спектакльге терең бойлауына қажетті интеллектуалдық белсенділігін дұрыс бағытқа жұмылдырады. Қ. Қожықовтың күнделік жазбаларындағы «Еңлік – Кебек» қойылымдарының алғашқы қойылымдарына қатысты тұстарға көз салсаңыз, жас сценографтың «актердің заттармен ойнау» мүмкіндіктеріне және оның сахналық әрекеттер барысындағы мәніне де терең үңілгені байқалады. «Бір күні спектакльден соң Серке Қожамқұлов (Еспембет ролінде алғаш ойнаушылардың бірі – авт.) менімен және М.Ч. Насоновпен (театрдың көркемдік жетекшісі – авт.) әңгімелесіп

тұрып, – деп еске алады Қожықов, – маған негізгі екі қаһарман жазаланатын көріністің театр реквизиттері арасынан алынған, бояуы қашқан, аңшының ескі мылтығы арқылы орындалуы, оның өз ойынша, соншалықты сенімді болмайтынын және барынша әсер етпейтінін жеткізе келіп, өйткені мен киіктерге емес, Махаббатқа оқ атып тұрмын ғой деп базына айтты. Оның айтқандарына ой жүгірте тұрып, мен суретін сыздым, бір күннен кейін сол сызбаға сәйкестендіріп, ататын кезде екі сирағын екі артист ұстап тұратын білте мылтықтың сұлбасын әзірлеп берді. Мылтықтан гөрі зеңбірекке көбірек ұқсайтын осынау гротескілік қарудан балаларының көз алдында Еңлік пен Кебекті бір мезетте мерт қыла-




тын оқ атылған сәттегі көрерменнің шошынуы жантүршігерлік болды. Күткендей-ақ, дәл сол сәтте зал іші аянышты үндер мен аһ ұруға толып кетті... Осы қару ғасырларға жалғасып келе жатқан феодалдық түсініктердің қорусысындай болған, аяу білмес Еспембет образының шырқау нүктесіне жетуіне септескен озбырлық серіппесіндей роль атқарды» [6]. Бәлкім, келтірілген мысалымыз мәнсіздеу, яки театр суретшісінің ауқымды жұмысының ұсақ бөлшегіндей ғана көрінер, әйткенмен дәл осындай майда бөлшектер тұтаса келіп, оның әр алуан театр қойылымдарындағы әрдайым «аңдала бермейтін» үлесін танытатыны шындық.

Мұрағат деректеріне қарағанда, 1933-1940 жылдарғы кезеңде Қ. Қожықов театрдың классикалық және заманауи репертуарынан 20-дан астам (!) әр түрлі спектакльді безендіріпті. Бұл шығармашылық қайратты мейлінше ширықтыруды талап ететін шын мәніндегі ауыр еңбек еді. Және ол суретшінің жұмысқа деген қайран қаларлық қабілетінен күәлік ететін. Бұл жерде мына-

ны да ескеру керек: көрсетілген уақыт ішінде ол Қызыл Армия қатарында қысқа мерзім қызмет етіп оралды және М. Горький атындағы Ленинград академиялық драма театрының студиясында оқыды, оқи жүріп, сол театрда суретшінің ассистенті ретінде жұмыс та істеді. Сәл ілгері озып айта кетейік, шамасы, суретшінің ленинградтық кезеңінде «Ленфильм» режиссері және суретшісі М.З. Левинмен жақын достық қарым-қатынас орнаса керек. Сол жайт 1942 жылы оның өмірінде бетбұрысты рөл атқарады. М. Левин оны С.М. Эйзенштейнге таныстырып, ЦОКС-қа қызметке алуға ұсынады. Өкінішке қарай, уақыт Қ. Қожықовтың театрдағы жұмыстарынан біздің заманымызға толық мәніндегі «заттай айғақтарды» жеткізген жоқ, бірақ театр мұражайлары мен оның жеке мұрағатында сақталған «артефакт» дүниелерге қарап, суретшінің іздену сипаты мен шығармашылық мәнерінен әсер түюге болады.

Бәрінен де бұрын айтқымыз келетіні мынау: сақталып қалған осы эскиздердің

*Жәрмеңке.  
М. Әуезовтің  
«Еңлік – Кебек»  
спектаклінің эскизі.  
1948*





*Солдан оңға қарай:  
драматург  
Ш. Құсайынов,  
актер Ш. Айманов,  
суретші Қ. Қожықов.  
Алма-Ата, 1948*

көпшілігі – живописьтік станоктық туындылардың таңғаларлық үлгілері және бұлар кез келген ұлттық көркем галереяның жәдігерлері ретінде лайықты орын алуға лайықты. Өр туындыдан кәнігі шебердің қолтаңбасы және жоғары дарын иесінің көзқарасы аңдалады. Барлық нәрседен де өмірді «қожықовша» түйсіну байқалады, адамдар қарым-қатынастары арасынан өзінің туған халқына ғана тән айшықты сипаттарды айқындай көрсетуге деген тұрақты құштарлық сезіледі. Кеңістікке тән пропорциялар мен ырғақтар айдан анық көзге ұрады, декорация тілі жасандылықтан да, қасандықтан да ада, солай бола тұрса да, суретшінің ұстанымы өз еркіндігін сездіре, пьесаның ішкі астарын аша түсу барысындағы кей тұстарда ре-

жиссермен тайталасқандай, тереңдей түсуден де әріге ұмтылғандай, драмалық ширығулар мен алуан мінездерді алдын ала ишаралай танытатындай әсер қалдыра танылады. Суретшінің бір жанрдан келесі бір жанрлық көріністерге, тарихи бір кезеңнен келесісіне емін-еркін ауысып, біте қайнасып кететін, сондай-ақ көзқарастары бір-біріне мүлдем келе бермейтін режиссерлермен ынтымақтаса жұмыс жасайтын таңғаларлық қабілеттілігі, сөйте тұра, өз мамандығы тұрғысынан да, әрбір театрлық кезекті қойылым барысында алдан шығатын эстетикалық-мазмұндық міндеттерді бағамдау тұрғысынан да өз ұстанымына адал боп қалатыны назар аудартады.

Қ. Қожықов жұмыстарынан сақталып қалған материалдық жәдігерлердің қай-

қайсысы да зерделей үңілуге, жіктей талдауға лайық, алайда мақаланың көлемін ескере отырып, біз бір-біріне мүлдем ұқсамайтын үш спектакльді ғана қысқаша қарастырумен шектелеміз, өйткені оларда, біздің пайымдауымызша, суретшіге етене болған сценографиялық ойлау типі барынша жарқырай және толығымен көрінеді.

Біздің алдымызда В. Пруттың «Ержүрек Мстислав» пьесасына жасалған декорацияның алғашқы нобайы жатыр (драмтеатр сахнасында 1938 жылы қойылған). Эскиздің артқы планында – төніп келе жатқан атты әскер толқынының көк түсті біртұтас күш сызығына біріктірілген қараңғы тобыры. Салтаттылардың сыртқы бет-пішіні ажыратылмайды, есесіне жануарлардың анатомиялық ерекшеліктерін тамаша бере білу тәсілі өзіне назар аударады. Аттар шапшаң желіс қалпында бейнеленген, бұл кез келген баталиялық жанр шеберіне абырой әперетін көрініс болар еді. Онымен қатар – өте мұқият бейнеленген азамат соғысы заманының атты әскер киім-кешегі мен жарағы: черкеска, башлық, кубанка, шеврондар секілді заттардың сұлбалары... Алдыңғы планда – түстік жазықты құрайтын диагональтік сызық бойына салынған бронды пойыз бейнесі. Және суретшінің шығармашылық «асүйіне» апарар есікті құдды саңылаулап ашарлықтай кішкене ғана ерекшелік: жауынгерлік машинаның бесбұрышты жұлдыз салынған қаһарлы сауыты мен бірқатар басқа детальдерден қарындашпен тартылған көрсеткіш-сызықтар парақтың жиегіндегі «Ағаштан табиғи көлемінде қашалсын» деген қысқа жазуларға барып түйісіп жататын.

Спектакльдегі оқиға уақытындағы нақты шындық пен тұрмыс ұсақ-түйектерін дәл сақтауы қайран қалдырады Алайда бұдан эскиздер авторы фанат-реалист екен және оған көркемдік эксперимент рухы жат болған деген ұғым тумады, бұған декорациялардың көк, сары және қоңыр түстерінің қиылысқан жазықтарындағы түстік шешім көрнекі түрде көз жеткізеді. Бұл бейнелеуден кубистердің архитектуралық кескіндемесі идеяларының ықпалы анық көрініп тұр. Тек өнерде, соның ішінде сол дәуірдегі театр өнерінде үстемдік құрған айрықша «идеологиялық» ахуал жайын әрдайым есте ұстаған жөн. Еске түсірейік, егер 1920 жылдардың басында театр сыншылары: «пролетар театрында... суреткерлер, басқалар тәрізді, бір ғана асыл текті шартты тарихи реализм планында жұмыс істеуге тиіс» деп абайлап жазып, дегенмен олардың эксперимент жасау құқын мойындаған болса [5], 1930 жылдардың соңында сценограф-суретшіден тек өнердегі «соцреализм» принциптерін бұлжытпай сақтау және «таптық» сипатты көрсету талап етілді.

Суретшінің үнемі ізденіс үстінде болғандығына «Абай» пьесасына (режиссері А. Тоқпанов, 1940) жасалған эскиздер толы қалың папка ішіндегілер де куәлік етеді. Бұл – XIX ғасырдағы Семей облысы қазақтары киген костюмдер тарихына жүргізілген толық «монографиялық» зерттеу. Шебер қолымен салынған айқын суреттерде түк қалдырмай ескерілген – киім-кешектің пішілу ерекшеліктері мен оның сәндік безендірулерінен бастап, әйелдердің бастарына киетін шалма-жаулықтарын байлау әдісін бейнелеу де ұмытылмаған. Және бір таңғалатының, сол



«Абай әндері» фильміне арналған костюмдердің эскиздері. 1944



Қызыл әскер  
Құлахмет Қожықов.  
1936 жылдар

суреттердің көпшілігі – «тобықты», «найман», «қаракесек», «тамбур», «баспа» және т.с.с. этносипаттық және техникалық белгілермен жабдықталған. Замандастарының айтуынша, пьесамен жұмыс істеу барысында суретші киелі Абай орындарына арнайы сапармен барыпты. Ыңғайы, сол жақта осы қайталанбас этнографиялық суреттемелер сериясы жасалса керек. Бірнеше жыл өткеннен кейін бұл материалдар опера және балет театры сахнасында қойылған (1944 ж.) осы аттас операны безендіруге бастапқы база ретінде қызмет етті.

Қ. Қожықовтың осынау эскиздік сызбаларын қарай отырып, оның туа біткен драматургиялық қабілетін түсінесің. Ол костюмдерді табиғи үлгілерін негіз ете отырып жаңаша жасаумен ғана шектелмей, ой толғайды. Әрбір костюм – адам денесіндегі өзіндік бір символдық қабық, ол актерге тек қажет ойлау жүйесін табуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен бірге оның тұлғасын, сымбатын, қалыптарын және дене қимылдарын айқындайды. Осы «костюм сәулетшілігінің» әр туындысында құдды оның кейіпкерінің үні мен қимылы жасырынып тұрғандай. Соны көргенде, Абай жайындағы бұдан жарты ғасыр бұрын болған алғашқы театр қойылымдарының жаппай және ес тандыратын табысы мүлдем түсінікті боп кетеді. Бұл, сөз жоқ, сценограф-суретші еңбегінің жемісі болатын.

Қ. Қожықовтың үйіндегі мұрағатында сақталған Ш. Құсайыновтың «Марабай» пьесасына жасалған эскиздік сызбалар мүлдем өзгеше стильдік және интонациялық белгіден хабар береді. Онда соғысқа дейінгі Қазақстанның қалалық өмірінің сахнада жасалған жинақталған бейнесі көрініс табады. Оларда қаңқалы конструкциялар, фермалар, пандустар, жаңа тұрмыстың машиналанған және утилитарлық түрлері мен басқа да белгілері – «урбанизм» идеясының өзіндік бір көрініс табуы ретінде пайдаланылады. Мұнда спектакльде көзделген ойға жету үшін суретшінің конструктивизм стилистикасына кәсіби маман санасымен ұғынып баруы анық сезіледі. Пьеса кейіпкерлері костюмдерінің эскиздері де қызық, олардан актер денесі де үш өлшемді деген театрлық-көркемдік аксиома айқын көрініс табады. Костюмдер спектакльдің әр

кейіпкеріне тән мінез-құлықтың бейне бір айнаға шағылысқандай түрі секілді еді, бұл Үдері, Алма және бірқатар басқа кейіпкерлердің – жаңадан туып келе жатқан қазақ қала тоғышарлары табының костюмдерін жобалаудан ерекше байқалды. Бұлар суретшінің мүлдем жаңа қырын аша отырып, бізге сатира уытының аса зор қуатын шашып тұрған болатын.

Натураға адалдық, «тарихилыққа» ден қоюшылық, өз халқының мәдениетін өте жетік білу, көрермен әсерлері қосындысынан ең өзіндік белгі мен маңызды жағын бөліп ала білу – міне, театр сахнасының суретшісі ретіндегі Қ. Қожықов шығармашылығының ең басты ерекшелік сипаттары, шамасы, осылар болу керек.

Театрдағы қызметті соғыс үзеді. Қ. Қожықов соғыс басталған алғашқы күндері өз еркімен майданға аттанады. Бірақ 1941 жылдың соңына қарай оны үкіметтің арнайы декреті бойынша кері шақыртады, себебі 1941 жылғы қарашада құрылған және Киностудиялардың біріктірілген орталығының құрамына (ЦОКС) енген Алматы көркем фильмдер киностудиясында еңбек ету үшін республикада өздерінің ұлттық мамандарына зәрулік туындап тұр еді, ал бұл орталықтың негізін эвакуацияланған «Мосфильм» мен «Ленфильм» құрайтын. 1941–1944 жылдар аралығында Алматы елдің кинематографиялық орталығына айналды. ЦОКС-тың алғашқы көркемдік жетекшісі Сергей Михайлович Эйзенштейн болды. Осы ретте Қ. Қожықовтың аяқтап үлгермеген өмірбаяндық кітабының (қолжазба үй мұрағатында сақтаулы) қолжазбасынан әлемдік және кеңестік кино өнеріндегі майталман шебермен өзінің қалай кездескендігі

жайында сөз қозғайтын үзіндісін ескермей кету мүмкін емес.

«Сергей Михайлович, – деп еске алады суретші, – «Лауреаттар үйі» аталатын үйдің бірінші қабатындағы коммуналдық үш бөлменің біріне орналасты. Бөлменің жағдайы жұпыны әрі тым жұтаң еді. Кереуеттің орнына – тапшан, терезенің алдына сызуға және оқуға арналған екі үстел қойылған. Көзіме бірден іліккені Жамбылдың жазу үстелінде жатқан кітапшасы болды. Таяуда ғана асығыс



Алма-Ата қаласындағы ҰОС жылдары С. Эйзенштейн тұрған Лауреаттар үйі ғимараты

сүргіленген тақтайшалардан жымдастырылған сөрелердің үстінде суреттердің орамалары үйіліп жатты. Моисей Левин екеуіміз (М.З. Левин Ленинградтан таныс болғандықтан, өзінің армиядан енді оралған жап-жас қазақ әріптесін таныстырған – автор) ұстазға жақындай түстік, ол орынтағынан көтерілмесе де, кейіннен түсіндіргеніндей, аяғы өте қатты ауырып жүр екен, бізбен жылыұшырай амандасып, жанындағы орындықтарды нұсқады. Менің театрдағы бұрынғы жұмыстарым төңірегінде бірер сұрақтар қойған соң, ол «Бала батырлары» атауымен түсірілімі басталып кеткен әскери киножинақтың (Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаров ерлігінің ізімен Г.Л. Рошаль дереу түсірген қысқаметражды фильм – автор) екінші

С.М. Эйзенштейн



суретшісі ретінде менің алдыма қойылатын міндеттер туралы сөзге бірден көшті. Маған Толағай туралы аңызға (фильмнің сценарий авторы Ө. Тәжібаевтың ойы бойынша, туған халқының амандығы үшін өз өмірін құрбан етіп, елге тірлік нәрі – су жеткізетін Толағай батыр жайындағы поэтикалық аңыз да фильм арқауына енгізілген – автор) тез арада эскиздер әзірлеуді жүктеді.

«Асығуымыз керек, – деді Сергей Михайлович, – қыс таяп қалды. Бұрынғы тәжірибелеріңізге қарасам, жұмыс тақырыбы жаныңызға жақын екен, Сіздің үлгеретіңізге сенемін». Қоштасар сәтте ол маған сурет салуға арналған тап-таза альбом сыйлады. Содан соң, 1941–1942 жылдың қысы Алматыда шынында да қатал болды. Аптап пен шөлден әлсіреген өз кейіпкерлерін жан сала бейнелеген артистерді үскірік аяздан азынаған брезент шатырлардың ішінде түсіруге тура келді. Содан бері көп уақыт өтті. Сол күн-



Эйзенштейн мен Дина Нұрпейісова. Алма-Ата, 1940 жылдар

дері құдіретті шебер өз көзімен көріп, құптау танытқан қазақтың Толағай батыры аңызына арналған осынау суреттер мен сұлбаларды мен жүрегіме ең жақын жәдігерлер ретінде сақтаудамын. Өйткені бұлар өзімен алғаш жүздескен алғашқы кездесуде маған сыйланған сол бір альбомның парақтарында салынған ғой...»

Суретші жазбаларынан аңдалатындай, кейіннен де ондай кездесулер болмаған сияқты. Зейін аудартатын жайттердің бірі – суретшінің өз естеліктерінде С.М. Эйзенштейннің «Иван Грозныйға» байланысты жұмыстарына көп көңіл бөлуі. Ол ішкі мақтанышын жасырмастан, былай жазады: «Сергей Михайлович маған «Иван Грозный» декорацияларының эскиздері мен сызбаларын көрсетті. Сол тұстағы жап-жас суретші мені ерекше таңғалдырғаны – оның ақ-қара түсті эскиздерінің контрасты суреттерінің әрқайсынан әлдекімдердің өзіңе шұқшия қарап тұратын ауқымды қара көздері еді. Олар кеңістіктегі, яки декорациядағы қарапайым экспозициялар боп қалмай, меңіреу далада, тақ залында, яки патшаның жатынжайында болатын оқиғалардан алдын ала жар са-



С. Эйзенштейн эскизі



С. Эйзенштейн альбомынан сыйланған параққа салған жыршы типажының гримі. 1942. Қағаз

лып тұрғандай болатын. Бұл көздер әлдекімдердің жазықсыз күнәға батқан жан дүниесін айғақтайтындай еді. Суреттерді ғажайып деп қана қою аз болмақ, олар болашақ фильмдегі қитұрқы айла-шарғыларды көз алдыңа толықтай елестетіп қана қоймай, қарындашпен жеткізуге еш мүмкіндігі жоқ абстрактілі-дерексіз алуан идеяларды санаңды тітірете түйсіндіретін. Суреттер мен нобайлармен таныса жүріп, мен оларды жаратқан жанның көзқарасын өз болмысыма да дарыта бастағандай болдым... Мен оның дәл осы сәтте де жұмыспен айналысып тұрғанын және көрермендердің әсері қандай болатынын менің психологиям арқылы да тексеріліп тұрғанын сездім».

Жазбаларынан аңдалатындай, суретші бұл фильмнің түсірілуіне байланысты нәрселердің бәрін құштарлана бойға сіңірген, кинематографияның жұмбақтары мен құпияларына тереңдей бойлау үшін жаңа кәсібін жетік игеруге құмартқан. Өз естеліктерінің бір тұсында Қ. Қожықов: «Мен Иосиф Шпинельмен («Иван Грозныйдың» қоюшы-суретшісі) етене таныстым, дегенмен оны өзімнің құмартқыштығыммен және оның өзіне аңғал да ақымақшылық сияқты көрінген толассыз сұрақтарымен әбден ығыр еткен шығармын», – деп мойындап қояды. «Иван Грозныйдағы» «шығыстық» кейіпкерлердің киімдеріне байланысты эскиздердің талқылауына Қ. Қожықовтың кеңесші ретінде тартылғанына да мән беріп, ойға оралту абзал. Сондай-ақ, Қожықовтар әулетінде сақталған әңгімеге сүйенсек, фильмде патшаға татар ханының грамотасын жеткізетін елшінің костюмін безендіруге Құлахмет пен оның анасы – Латипа апа тікелей қатысқан.



*Татар ханының елшісі. «Иван Грозный» фильмінен кадр. 1945*

Болашақта жазуды ойға алған кітабына Қ. Қожықовтың өз қолымен жазған сюжеттік арқаулар мен ой арналарына көз салу қызықты. Өкінішке орай толық аяқталмай қалған солардың кейбірін ғана келтірелік:

– «Эйзенштейнге Рошальдің көзқарасы (пір тұтуы). «Иван Грозный» кинофильмінің тобымен танысу. Эскиздер. Рошаль аппарат бөлмесінің көзшесінен сығалады».

– «Менің эскиздерімді қарау. Оның «Мені күт» деуі, менің сырттай сурет салуым. Менің суреттерім. Болашақ «Жамбыл» фильмінің суретке салынған сценарийі. Оған С.М. реакциясы».

– «С.М.-мен соңғы кездесу. Қауесеттер... «Иван Грозныйды» тасадан талқандау жағдайы. Аллегория: Грозный мен Сталин».

– «Жерлеу. Москва мен басқа қалалардан келген жұрттың киношеруі. Қасиретті сәт. Кино үйіндегі симфония. Қарашымылдық. Мен С. Эйзенштейннің шәкірті ретінде құрметті қарауылдамын. Салтанатпен жерлеу рәсімінің дирижері – суретші художник Б.В. Дубровский-Эшке, Эйзенштейн соның қолында ақтық демін тартқан.

Крематорийдегі қаралы жиын. С.Д. Васильевтің сөзі: «С.М. Эйзенштейн кеңестік кинематографияның ақсақалы еді...»

Оның С.М. Эйзенштейнге байланысты естеліктері төмендегі жан тебіренерлік сезім жолдарымен түйінделеді: «Сергей Михайлович менің өмірімде аса терең із қалдырды және киноөнеріне құштарлығымды сенімділікке айналдырды. Сол кезде ол Алматыда болмаса, бүгін мен де (киносуретші) болмас едім. Ол мені оқиғалар арасынан ең бастысын көре білуге, әсіресе маңыздысы сол, басты нәрсеге көзге көрінетін бейнелікті таба білуге баулыды». Біздің байқауымызша, бұл құрметтің астарында әлемдік кино данышпанының алдында бас ию сезімі ғана тұрған жоқ, сонымен бірге өз өмірінің соңғы сәтіне дейін адалдық танытқан суретшінің кино өнеріне деген қылаусыз сүйіспеншілігі де андағайлап тұр.



Жоғарыда келтірілген С.М. Эйзенштейнмен алғаш кездесуі жайындағы үзіндіде сараң жұмсалса да, дәл көрінетін бояулармен берілген көрініс – үй иесінің жұмыс үстелінде жатқан Жамбылдың шағын ғана жыр кітабы өзіне назар аудартады.




Г.Л. Рошал

«Мосфильм» кинематографистерімен кездесу. Солдан оңға қарай: В. Пястолов, «Қазақфильм» к/с директоры; Л. Косматов, оператор, ВГИК-тің профессоры; Қ. Қожықов, ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстанның аға буын кинематографисі; Г. Рошал, КСРО Халық артисі, «Мосфильм» режиссері; Катенев, редактор, «Мосфильм» кинодраматургі. Ыстық. 1960







Соған қарай тұрып, қазақтың ұлы ақынына арналған көркем фильм туғызу туралы идея ЦОКС-тің көркемдік жетекшісінде сол бір кездің өзінде қылаң бере бастаған-ау деп ойлауға болады. Қ. Қожықовтың мұрағатында Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің ЦОКС басшылары (директор М.В. Тихонов және С.М. Эйзенштейн) қатысқан мәжілісі туралы елеулі жазба сақталған және онда астаналық кино қайраткерлерінің ұлттық кинематография кадрларын дайындауға және Ұлы Отан соғысы майдандарында шайқасып жүрген жауынгер қазақтардың әскери рухын көтеруге бағытталған кино өнімдерін шығаруға байланысты тиянақты әңгіме өрбиді. «Бұл мәселедегі біздің ұстанымымыз айқын әрі берік, – дейді өз сөзінде С.М. Эйзенштейн. – Ұрыс даласында Кеңес Одағындағы барлық халықтардың өкілдері соғысуда, әр республика өздерінің жауынгер жерлестерін өз киножинақтарымен, ал мүмкіндігі келіп жатса, кинофильмдерімен рухтандыруға ұмтылуы тиіс». Бұдан әрі ол соғыс уақытының қиын да қатал жағдайы-

на қарамастан, ЦОКС-тің толыққанды жұмыс жүргізуіне қажетті мүмкіндіктердің бәрін жасап келе жатқан Қазақ КСР үкіметіне айрықша ырзалық сезімін білдіреді, сонымен қатар республиканың өз кинофабрикасын жасау жолындағы әрекеттеріне жан-жақты қолдау танытатынына сендіреді.

1942 жылдың жазында ЦОКС «Жамбыл» көркем фильмін жасау жұмыстарына кіріседі. Фильм режиссерлігіне Эйзенштейннің аса жақын серігі Григорий Львович Рошаль, қоюшы-суретшілігіне Құлахмет Қожықов тағайындалып, осылайша ол отандық кинематография тарихына қазақтың тұңғыш киносуретшісі болып енеді. Суретшінің бұл фильмге дайындаған алғашқы эскиздері 1942 жылғы тамызбен белгіленеді, ал сәл кейінірек ол өзінің толық «суретті сценарийін» Эйзенштейн мен Рошальдің сын таразысына салады (мәтін бойынша жоғарырақ қараңыз). Өкінішке орай, Қ. Қожықовтың дербес жасаған алғашқы үлкен жұмысына қатысты ой-пікірлерді мұрағаттағы немқұрайдылар бізге дейін жеткізбепті, әйткенмен, сол бір алыс-

*«Жамбыл»  
кинофильмі.  
Кадрларға бөлу.  
1942*

та қалған оқиғалардың бел ортасында болып, көзімен көргендердің бірі, сол уақытта көркем және деректі фильмдердің Алматы киностудиясының жетекшісі болып қызмет еткен қазақ ғалымы, тамаша кинотанушы Қабыш Сирановтың куәлігіне жүгінсек, суретшінің еңбегіне өте жағымды пікірлер айтылып, «еш кідіріс, мүдіріссіз» бекітілген екен. Арада жиырма жыл өткен шамада қазақ киносының тууы мен қалыптасу жолдарына арнаған өзінің жан-жақты монографиялық зерттеуінде Қ. Сирановтың «Жамбыл» фильмінің өндірістен алынып тасталу себептеріне (фильмнің жасалмауы – Сталинград түбіндегі шешуші шай-

қасқа барлық күштер мен ресурстарды жұмылдырған елдің экономикалық жағдайындағы қиындықтар салдарынан ЦОКС бюджетінің кенеттен қысқартылуына байланысты) қысқаша тоқтала келіп, осы фильмге байланысты Қ. Қожықов өзирлеген суреттерге бірнеше жылы пікір арнауды қажет деп табуы кездейсоқтық болмаса керек. Соларды сөзбе-сөз келтіру орынды: «Қазақтың тұңғыш кәсіпқой суретшілерінің бірі Құлахмет Қожықовтың зор еңбегін атап өтпесе болмайды... Оның туған халқының өмірі мен тұрмысын терең білуі және ақиқаттағы құбылыстардың мәнін ашық ашып, шынайы

*Мұз басқан дала.  
«Жамбыл»  
кинофильмі.  
1942*



бейнелеуге қабілеттілігі кинодағы алғашқы жұмысы – «Жамбыл» фильмін (1943) көркем безендіруге арналған эскиздерінен айрықша көрінді. Қарындашпен анық әрі мағыналы, қарапайым жеткізілген штрихты суреттерде суретші композициялық және образды-эмоциялы сәтті шешімдердің оңтайын келтіре, халықтың қасіретті қайғысы мен тауқыметін көрсетеді» [9]. Ойлана қарасаңыз, зерттеуші пікірінің жаны бар екенін сезесіз. Иә, фильм түсірілмеді, көрермен көре алмады, алайда оған байланысты Қожықов эскиздерінің сериясы – суретші қиялында тірлік кешкен өмірдің бір бөлшегі қалды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік мұражайының қорларында сақтаулы бұл суреттер өз өмірін одан әрі жалғастыруда, өйткені олар да – «Кино өнері» деп аталатын үлкен әлемнің үзілмес бөлшегі.

Біздің әңгімеміздің өзегінде Қ. Қожықовтың «Жамбыл» фильміне жасаған суреттері ерекше маңызды орын алады, себебі олар суретшінің өзі үшін мүлдем жаңа киносуретші амплуасындағы алғашқы адымдары жайындағы әсерлерін бөлісуге жол ашады. Баршаға аян, кинода өзіндік қолтаңбаңды таныту және сақтап қалу суретшіге аса күрделі нәрсе. Гәп кинематографтың синтездік өнерге тән ерекшеліктерінде ғана емес, басты қиындық – театр спектакліне қарағанда, фильмнің көркемдік әсер ету заңдылықтарының басқаша болуында, ондағы шарттылықтар табиғатының барынша жасырынып тұруында. Егер театр декорациясы суретшінің дайындаған қалпында көрерменге ұсынылатын, ешкім өзгерте алмайтын құрылым болса, суретшінің

эскиздерінде нұсқаланған сан түрлі пластикалық құралдар мен кинодекорация фильмді түсіру барысында сан мәрте өзгеріп, басқаша мән иеленіп кететін ... Эйзенштейн сөзімен айтсақ, «камера алдындағы шындық қана». Солай бола тұрса да, фильм жасаудың «үстел басындағы кезеңінде» суретші сіңірген ең алғашқы пластикалық идея киноның технологиялық тізбегінде басымдық танытады, өйткені сол ғана режиссер мен оператордың сценарийдегі буалдыр ұғымдардан бейнелеу құралдарының көзге көрінетін шексіз мүмкіндіктеріне көшуіне мүмкіндік ашады.

«Жамбылға» қатысты эскиздер мен суреттерден көріп тұрғанымыздай, шығармашылық қуатын арнау үшін өзіне бейтаныс болып келген кеңістікке бұл кезеңде суретші толықтай орныққаны байқалады. Оның жеңіл де сәнді суреттеріндегілердің бәрі кино өндірісінің суретшісіне қойылатын арнайы талаптар мен логикаға түгелдей тәуелді бейнеленген. Бұларда болашақ фильмді, оның семантикалық және ырғақтық түзілімін тұтас көруге жол ашатын сериялылық, стильдік тектестік толық қамтылған. Суретші тарапынан өз жұмысының қолданбалы сипаты да, фильм жасаудың кезекті кезеңдеріндегі мән-маңызы да қалыс қалмаған. Эскиздерде алдағы көріністер түсірілетін орындар, ондағы табиғи-климаттық өзгерістер, кәдімгі қазақ аулындағы өмірге етене діни-нанымдық, тұрмыстық және дәстүрлік жайттар, кейіпкерлердің киімдері және, ең бастысы, солардың бәрі камера мен актерлердің алдағы қозғалыстарына ыңғайласа ескерілген. Мағына арқалаған әр сюжеттің бояулары, жарығы, түзілімі

нақты айқындалған, сөйте тұра, эскизде ұсынылған ойды құбылту үшін «саңылау» да әрдайым сақталып отырған. Бұл орайда Жамбыл өмірбаянының алғашқы жылдары жайында баяндайтын «Мұз басқан дала» эскиздер сериясының мәні зор. Бұлардың арқауына ақынның өлең жолдары алынған болуы да мүмкін.

Бұл эскиздерде ақынның тауқыметті тағдырының тақырыбы мен оның кедейшіліктен, жоқ-жұтандықтан, патша әкімдері жергілікті бай-манаптардың озбырлықтарынан көз ашпаған туған халқының тағдыры біріге көрінеді. Халық қасіретінің көріністері, әсіресе, «басым символдар» іспетті мән иеленетін «Жұт», «Барымта», «Ауыл», «Даладағы лашық», т.б. да эскиздерде жан-жақты айқындала көрініп, көру кезіндегі мағынаның ашылуына ассоциациялық-эмоционалдық қуаттылық мән үстейді.

Жұт – көшпелі тірлік кешкен мал иелері үшін аса үрейлі тауқымет. Біздің көз алдымыздағы қысқы сахарада қоныс аударып бара жатқан қазақ ауылының ауқымды көрінісі қасіретті шеруге көбірек ұқсайды – үскірген аяздан бүрсеңдей, қайғыдан бүкшиген адамдардың сұлбалары, жеткен жерінде қалған мал өлекселері, айдалада жалғыз сопиған балбал тас... – осылардың бәріне ақшыл-сары рең үстей, ысқырынған қарлы дауыл жансыздандырып бара жатқандай. Қысқы ахуалдың өтпелілігі сарғыш түсті топырақтардың септесуімен күшейтілген, бұлар өз кезегінде еңсені басқан түнектен біршама шуақ себезгілеген реңкке ауысады. Жақсылық атаулыдан үміт үзілгендей, дәл бір апокалипсис көріністерімен сарындас фонда елеуреген стихияның екпініне де дес

бермей, кенеттен өмірдің тылсым әуені естіледі («Сүйінбайдың өз домбырасын Жамбылға сыйлауы» эскизі). Қысқы пейзажды кері ысырғандай әсер қалдыратын эпикалық колоритке толы, алып тұлғалы Сүйінбай мен ұстазының қолынан қасиетті домбыраны аялай қабылдап тұрған жас Жамбыл бейнелері – Ізгіліктің Жауыздықты жеңетініне деген халықтың өміршең сенімінің көрінісіндей.

Біз қарастырған эскиздер (нобайлар) сериясында «мәтіннен тыс ақиқат (шынайы) өмір» барынша шоғырланған, жинақталған бейнесінде көрінеді. Кинематографтың суреткерден талап ететіні де осы. Мұндағы әрбір эскиз – бейненің тұйықталған (басы мен соңы бір нүктеде тоғысқан) циклінің жалғасы әрі бір бөлігі. Бір ғана сюжеттік желіні бейнелеуде суретші түрлі ракурстарды қолданады, осының арқасында әрекеттің орны мен уақыттық ағыстар, өлшемдер өте көп секілді әсер туындайды. Бұл эскиздерді суретшінің театрлық жұмыстарымен салыстыру да қызықты болмақ. Киноэскиздер иллюзия, елес сипатынан алшақ, оларда қозғалыс динамикасы, фактураның шынайылығы басымырақ сезіледі. Онда белгіленген костюмдердің эскиздері күнделікті өмірде түрегеп тұрған, салтатты, арбада отырған, әңгімелесіп тұрған адамдарды тез-тез суретке салып алғандай, тіпті кинокамераға түсіріп алғандай әсер қалдырады. Бұдан бұрын суреткердің шығармашылығынан байқалмаған жаңа бір қыр ашылады – бұл тақырыпты барынша кеңінен ашып көрсетуге, композицияның көкжиегін кеңейте түсуге, мүмкіндігінше жан-жақты ашылуға ұмтылу. Және де бұл қыр суреткердің бойында, шығармашылығында



Тұңғыш қазақ пианист әйел, өнертану ғылымының кандидаты, ғылыми дәрежелі музыка зерттеуші Гүлжауһар Шомбалова (1919-1958), Құлахметтің жұбайы. 1936 жылы, музыка техникумында оқи жүріп, Мәскеудегі қазақ өнерінің онкүндігіне қатысты. Техникумді тәмамдаған соң Қазақ мемлекеттік филармониясында пианист-концертмейстер болып жұмыс істеді. ҰОС жылдары филармония әртістері бригадасымен бірге әскери бөлімдерде концерттер қойып жүрді. 1950 жылы – Алма-ата консерваториясын, 1954 жылы Мәскеу консерваториясының аспирантурасын тәмамдады. Алма-Ата консерваториясында ұстаздық етті, халықтық және фольклорлық музыка кабинетін меңгерді. 1958 жылы Мәскеу консерваториясында кандидаттық диссертациясын тамаша қорғап шықты

Құлахмет қыздарымен: сол жағында – Гүлнар, оң жағында – Сәуле. Сурет әйелі Гүлжауһар қайтыс болғаннан кейін екі ай өткен соң 1958 жылы түсірілген. 44 жасында жарынан айырылған Құлахмет өмірінің соңына дейін қайта үйленген жоқ, қыздарын жалғыз өзі өсіріп, тәрбиеледі





*Жас пианист  
Гүлжауһар  
Шомбалова.  
«Домбыра үнімен»  
фильмінен кадр.  
1943*

киноның еркіндігінен де әрі кең далада туып-өскен суретшінің өзіне тән, табиғи еркіндігінен де туындап отыруы мүмкін.

Қ. Қожықов ЦОКС киностудиясының алғашқы кинофильмдерін жасауға тікелей қатысты. Бұл – «Алып туралы жыр» (реж. В. Строева), «Жамбыл» (1-нұсқа), «Абай әндері» (реж. Г. Рошаль), «Домбыра үнімен» (осы фильмді түсіру кезінде суретші жас пианист қыздың рөлін ойнайтын кино кейіпкерлерінің бірі Гүлжауһар Шомбаловамен танысады, ұзамай ол суретшіге тұрмысқа шығады да, оған екі тамаша қыз сыйлайды). Кеңес кинематографының жетекші шеберлерімен қызметтес болу, олардың жұмысының принциптерімен және әдістерімен танысу Қ. Қожықов үшін шеберліктің шынайы мектебіне айналды,

әрі, сөзсіз, оның эстетикалық көзқарастарының қалыптасуына аса зор әсер етті. Кейін «қазақфильмдік» кинотаспаларды жасауға («цокстықтар» қайтып кеткен соң) ол қалыптасқан тәжірибелі шебер – кино суретшісі ретінде кіріседі.

Алдымен Алматы көркем және хроникалы фильмдер киностудиясында, кейін «Қазақфильмде» Қ. Қожықов ұлттық кинематографияның алтын қорына енген көптеген кинотаспалардың қоюшы-суретшісі болды. Олардың ішінде «Менің атым Қожа», «Біз Жетісуданбыз», «Қорытпа», «Атамекен», «Гауһартас» тәрізді басқа да көптеген фильмдер бар.

Суретшінің шығармашылық өмірбаянындағы ерекше бір белес 1958 жылы Алматы киностудиясында шығарылған «Біз

Жетісуданбыз» фильмі бойынша жасалған жұмыстары болды (реж. – С. Қожықов, А. Очкин; сценарий авторлары – Д. Снегин және С. Улановский). 1-дүниежүзілік соғыстан кейін кенеттен басталып кеткен аласапыран кезеңде туған жеріне қайтып оралған үш солдаттың (қазақ, орыс, ұйғыр) тар жол, тайғақ кешулер туралы бұл фильмді қазақстандық көрермен өте жылы қабылдады, баспасөзде барынша жақсы бағалар берілді. Бірақ, бір қызығы, осы фильм киноэкрандарға шыққаннан бері жазылған алуан түрлі пікірлермен, мақалалармен таныса келе, біз олардан осы фильмге, нәтижеге суретшінің қандай да бір қатысы бар екенін көрсететін бір сөз таба алмадық. Фильмге берілген бағаларда тек қана «әдебиеттік негізі мықты», «режиссердің сәтті жаңашылдығы», басты рольдерді сомдаған «актерлердің тамаша ойыны» туралы, тіпті «оқиғалардың драмалық шиеленісуі мен лирикалық реңк беруге» музыканың қосқан үлесі де жазылыпты. Әрине, мұны түсіндіру оңай – кинофильмді жасаушылардың жұмсаған орасан зор күшінен суретшінің еңбегін бөліп алу, оның шығармашылығының экранда көрінуін талдау – тіпті кинотанушы мамандардың өзі үшін өте күрделі шаруа. Кино суретшісінің еңбегі әдетте көрермен көзінен тыс қалады, ол киноның жалпы бейнелік-мәндік қатарын құруда жүзеге асатын жанды процесте жұтылып, кірігіп кетеді. Мысал үшін айтайық, фильмнің пластикалық образдары мен сюжеттерін жасауда Қожықовтың натураны, түсірілім жүргізілетін орынды таңдау түрінде көрінетін еңбегін қалай бағалауға болады? Кинотаспаның 3-новеллаларында өрбитін негізгі оқиғаларды барынша шы-



найы етіп көрсету үшін барынша лайықты табиғи және этномәдени фонды (қазақ, орыс және ұйғыр) іздеп, ол фильм операторы Искандер Тынышпаевқа қосылып, экспедициялық «Газикпен» Жетісудың ой-шұқырын, тау-тасын ерінбей аралады. Ал костюмдерді, үй-жайларды, қорақопсыны, реквизиттерді, т.б. таңдау үшін Алматы мен Ташкенттің мұрағаттарында, мұражайларында жүргізген зерттеушілік еңбегін қалай бағалайсыз? Мысал үшін, фильмде түсірілген көне ұйғыр тұр-

*«Абай әндері»  
фильмінен кадрлар.  
1945*



«Біз Жетісуданбыз» фильмінің түсірілімі. 1957

«Біз Жетісуданбыз» фильмінен кадр. 1958



мысының көптеген сценаларын қарап отырып, Қожықовтың белгілі Верный кескіндемешісі Н.Г. Хлудовтың 1920 жылдары Шелек өзені маңында жинақтаған ұйғыр этюдтерінен шабыт алғанын байқауға болады (Жәдігерлердің екі тобы да Қазақстан Орталық мұражайының қорларында сақтаулы тұр). Суретшінің осы бір «елеусіз» (күйбең-қолданбалы жұмыстарды мол қамтитын) шығармашылық қызметінің басты нәтижесі – бұл, ең алдымен, сол кездегі социалистік «базардағы» толып тұрған кезекті «төңкерісшіл-ұраншыл бестселлерге» айналмай, дүниені танудағы ерекше





бір эстетика мен поэтиканы бере білген, «киноескіндеме» өнерінің туындысы ретіндегі фильмнің өзі.

Осы айтылғанның бәрін суреткердің эскиздерінен көреміз, олар ғана Қ. Қожықовтың фильмге сіңірген ерекше еңбегінің даусыз дәлелі болып табылады. Мысалы, «Ауыл» эскизі – қазақ солдат Нартай туралы новелланың бастапқы кадрларына арналған болашақ декорацияның жобасы. Бұл жерде түсірілімге керекті объект әлі жоқ, бірақ кеңістіктік-уақыттық және мән-мағынаны көрсетер нысаналар бар. Ортада – сән-салтанатпен тігілген

ақбоз үйлер, олар қысқы табиғат суретімен керемет үйлесім тапқан, көз алдына Рерихтың ғажайып Шамбала туралы қиялдары елестейді. Сонау көкжиекте – төмендеу қырқалардың ар жағына баяу жылжып бара жатқан күннің қызара-бөрткен бейнесі (суретке қарай сала, мұның Батыс Алатау бөктерлері екені бірден танимыз; эскиздегі табиғаттың көркемдігі мен әсемдігі де таныс – Қара Қастек пен Дегерес маңайында осындай жерлер көп-ақ, кейіннен фильмнің негізгі түсірілім жұмыстары сол жерлерде жүргізілді). Ал енді осы барынша бейбіт, барынша бейқам суреттің оң жақ жоғары

*Құлахмет Қожықовтың «Біз Жетісуданбыз» фильміне жасаған эскиздерін талқылау. Фильмді ағайынды Құлахмет пен Сұлтан Қожықовтар түсірді. Солдан оңға қарай: «Қазақфильм» киностудиясының алдыңғы қатарлы кинематографистері Сұлтан Қожықов, Мәжит Бегалин, Шәкен Айманов, Құлахмет Қожықов. Алматы. «Қазақфильм» киностудиясы. 1957*



Ауыл.  
«Біз Жетісуданбыз»  
фильмінің эскизі.  
1957

бөлігінде бейнеленген отаршыл ояз басқармасының сұрғылт ғимараты бірден жон арқаны мұздатып жібереді. Бұл – сол уақыттың қатал белгісі. Жуықта қазақтарды әскердің қара жұмысына алу туралы патша жарлығы шығады, Даланың бейбіт өмірінің астаң-кестеңі шығып, фильмнің басты кейіпкерлерінің басынан бақтары таяды.

«Губернатор үйі» жұмысының да шешімі осыған сай жасалған. Картина сырт көзге қозғалыссыз, қатып қалған секілді, бірақ одан Верный көшелерінің түкпірлеріне жетелейтін ішкі қозғалыс байқалады, енді

біраз сәттен кейін қолдарына төңкерісшіл транспаранттар мен қару ұстаған ашулы топ шыға келетіндей. Бұдан соң көрермен көзі қайтадан манағы ақбоз үйлерге ойысады. Олар еуропалық үлгіде салынған үйлердің, тас төселген қала көшелерінің қатарында үйлесім таппай, сырт қалған. Осылайша суретші контрреволюциядағы екі басты күш – казак билігіне бағынған отаршыл шенеуніктер мен қазақ ауылындағы феодал-байлардың одағы туралы әңгімелейтін эпизодтар үшін ойын кеңістігін жасап шығарады.



«Ташкент жолы» эскизі де ерекше көңіл аударуды талап етеді. Бұған дейінгілермен салыстырғанда, ол динамикаға, экспрессияға толы. Бұл жерде суретші «Жамбыл» фильміндегі кадрлық бөліністерде табылған шығармашылық желісін жалғастырып, дамыта түскендей. Көз алдымызда – басы ауған жаққа қаңғып бара жатқан, артқа шегінген ақ әскерінің арбалы көші. Булгаковтың «Қашу» суретінен алынған сәт секілді. Керегесін соғыс өрті оңдырмай қисайтып кеткен әлемнің сұрықсыз халін көресіз. Заманы өткен, кел-

меске кеткен дәуірдің бейнесі анадайдан көзге шалынатын обелиск – Жетісу өңірінің тұңғыш патшалық губернаторы, генерал Колпаковскийдің ескерткіші түрінде берілген (Ескерткіш, сондай-ақ, түсірілімнің қай жерде болатынын да көрсетеді – Ташкент жолының Ұзынағаш селосының солтүстік қапталынан өтетін бөлігі). Осы эскизге қарай отырып, суретшінің киноға лайықтап дайындаған нобай сызбаларын толыққанды станоктік кескіндеме шығармаларына айналдыруға неге ғана ден қоймаған екен деп еріксіз өттегенайлайсыз.



Ташкент жолы. «Біз Жетісуданбыз»  
фильмінің эскизі. 1957


